

Жезқазған қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Ұлытау облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2022 жылғы 28 шілдедегі № 26/202 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 2 тамызда № 28987 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің "Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №24382 болып тіркелген) 2021 жылғы 14 қыркүйектегі №377 бұйрығына сәйкес, Жезқазған қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Жезқазған қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы

А. Досанов

Жезқазған қалалық
мәслихатының
2022 жылғы 28
шілдедегі
№ 26/202
шешіміне қосымша

Жезқазған қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Есептілік бірлік	Қызметтер бағасы, теңге қосылған құн салығымен
Жайлы үйлер	айына/ тұрғын	330
Жайлы емес үйлер	айына/ тұрғын	364
Бірлік (көлем) үшін жылдық тариф	1 м ³	1986

